



**Облыстық № 2 әмбебап ғылыми кітапханасы
Әдістеме – библиография бөлімі**

«Халқымыздың қилы тарихы»

/Ұлт- азаттық көтерілісінің 100 жылдығына орай/

Библиографиялық көрсеткіш



Арқалық қаласы, 2016

Құрастырушыдан

Еліміз тәуелсіздік алып, жаңа заман туды. Ұлттық сана - сезім оянып, ата - баба жолына жаңаша үңіле бастадық. Салт - дәстүрлеріміз бен әдет-ғұрыптарымызға тәуелсіздік биігінен қайта қарауды үйрендік.

Тәуелсіздігіміз – ғасырларға созылған ата-баба күресінің заңды жалғасы. Қасірет шеккен халықпен бірге қалың бұқараны жауға қарсы бастаған батырлар тәуелсіздік үшін қан төгіп, жанын пида етті.

«Ұлт- азаттық көтерілістің 100 жылдығына» орай, азаттық бастауларының негізі болған 1916 жылғы Торғай көтерілісі туралы, осы уақытқа дейін белгісіз болып келген тарихи тұлғаларды, азаттық үшін алысқан бабаларымыз жайында келер ұрпаққа таныстыру мақсатында библиографиялық көрсеткішті жазуды жөн көрдік.

Қасиетті Торғай топырағында туып өсіп халқының азаттығы үшін күрескен ата-бабаларымыз еліміздің, ұлтымыздың мақтанышы. Оқырмандар мен пайдаланушылар үшін Торғай көтерілісінің 100 жылдығына орай «Халқымыздың қилы тарихы» атты библиографиялық әдебиеттер көрсеткішін ұсынып отырмыз. Қолдарыңыздағы библиографиялық көрсеткішке «Торғай көтерілісі», «Азаттық үшін алысқандар», «Ата-баба ерлігі», «Өткен күннен белгі бар» атты бөлімдерден тұрады.

. Библиографиялық көрсеткіштің «Торғай көтерілісі» бөлімінде Торғай даласында болған көтеріліс жайында мәлімет берілсе, «Азаттық үшін алысқандар» бөлімінде азаттық үшін күрескен бабаларымыздың батырлығы мен ерлігі жайлы айтылады. «Ата-баба ерлігі» бөлімінде мерзімді баспасөз беттерінде жарияланған халық батырлары туралы жазылған әдебиеттер мен мерзімді басылымдардағы мақалалар тізімі енгізілген. «Өткен күннен белгі бар» бөлімінде Торғайдағы ұлт-азаттық көтерілісіне қатынасқан сарбаздар тізімінің бір бөлігін белгілі журналист Уәли Хайруллин архивтерден жинап баспаға ұсынған еді. Осы құнды деректі сол қалпында өзгертпей, оқырман назарына жергілікті өлкетанушы, оюшы, қолөнер шебері Шәптібай Байділдин жарыққа шығарған сарбаздар тізімі берілді.

Көрсеткіштің соңғы бөлімінде Есімдер көрсеткіші берілген. Библиографиялық көрсеткіш жалпы пайдаланушыларға, оқырмандарға, студенттерге, еліміздің тарихына қызығатын барша оқырман қауымға арналған.

«Торғай көтерілісі»



1916 жылғы патшаның «июнь жарлығынан» кейін жер-жерде басталған толқулар Қазақстанның көп өңірлерін қамтыды., ең ірі қозғалыстар Жетісу, Торғай – Ырғыз өлкелерінде болды. Мыңдаған қазақ сарбаздары патша әскерлерімен шайқасты, жүздеп оққа ұшты. Көп қазақтар елін, жерін тастап Қытайға, Ауғанстанға қашты.

Жоңғар шапқыншылығынан кейін

қазақ халқының басына түскен ірі зобалаң осы болды.

Торғай өлкесіндегі көтеріліс «июнь жарлығы» елге жетісімен халық дүрлігіп көтеріле бастады. Көтерілісті барша халық жақтады, көп жерде бай-болыстар да көтерілісшілер жағында болды. Қазан айының аяқ кезінде болыстарда ірі сарбаздар тобы құрылды. Әр топтың басшысы да айқындалды. Бәрі жиылып орталарынан хан сайлады. Торғай жерінің шығысы мен батысы Әбдіғапар Жанбосынұлы мен Оспан Шолақұлын хан сайлады. Әбдіғапар ел арасында аты әйгілі Нияз хан ұрпағынан болатын. Көрші Ырғыз өлкесінде сайланған хандардың ішінде іс-қимылымен аты шыққан Айжарқын Қанайұлы болды.

Ұлт- азаттық көтерілістің өрбуіне бірнеше себептер болды. Ең негізгісі жер мәселесі еді. Ресей патшалығы қазақтың шұрайлы жерлерін күшпен тартып алып, мұжықтарына, казактарына таратып беретін.

Шілде айының аяғында қазақтардан 19 бен 43 жастың арасындағы еркектері «қара жұмыс армиясына алынсын» деген патшаның жарлығы елге таратылды. Бұрыннан орыс патшалығы қазақтарды армияға алмайтын. Енді патша уәдесін бұзып, соғыс жұмысына орыстан басқа ұлттардың ер азаматтарын алу керек деген шешімге келіп, оны тездетіп орындауға кірісті. Патша соғыс күшінің қорына деп ел мойнына қосымша салық салып, жәрдем ақша жинады. Осындай жағдайда 1916 жылғы қара жұмысқа адам алу жөніндегі шыққан патша жарлығы халық наразылығын бұрқ еткізді.

Торғай облысындағы көтеріліс ең бұқаралық, ең ұзаққа созылған, ең табанды және билік бір орталықтан жүргізіліп ұйымдасқан көтеріліс болды. Бұл Торғай даласындағы көтерілістің ерекшелігі еді. Көтерілістің ұйымшылдық, бұқаралық деңгейін көтеру үшін көтеріліс басшыларын сайлады. Көтеріліске халық сенімін арттыру мақсатында ел сеніміне кірген, қамқоршылары бола білген, өжет алғыр, ел арасында билікке араласып, халыққа таныс болған 8 болыс арғын тайпасының белдісі Шолақұлы Оспанды және 6 болыс қыпшақтың бетке ұстары Әбдіғапар Жанбосынұлын хан көтерді және бас сардарлыққа Алтынсары Қасымхан Арыстанұлы мен атақты Иман батырдың немересі бегімбет Амангелді Үдербайұлы сайланды.

Көтерілістің бас мергені болып құлан Кейкі Көкембайұлы сайланды. 50 мыңнан астам адамнан тұратын көтерілісшілерден ондықтарға, жүздіктерге және мыңдықтарға бөлінген әскер жасақ құрылды. Әрбір қолды басқаруға онбасы, жүзбасы, мыңбасы тағайындалды. Кейкі Қөкембайұлы бастаған арнаулы мергендер құрылды. Көтерілісшілер штабы Торғай қаласынан 150 км жердегі Батпаққараға жақын Үрпек ауылына орналасты.

Әскери кеңес көтерілісшілерді азық-түлікпен, атпен қамтамасыз етуді, ұстаханаларда қолдан мылтық, қылыш, қанжар, семсер, жасауды ұйымдастырды.

22 қазанда 15 мың адамнан тұратын көтерілісшілер жасағы Торғай жасағын қоршады. Бұған Ә. Жангелдин де қатысты. Қоршаудағыларға көмекке генерал А. Лаврентьевтің жазалаушылар отряды қалаға қарай үш бағытта келе жатты. Жазалаушылардың жақындап қалғаны туралы мәлімет алған көтерілісшілер патша әскеріне қарсы қозғалды.

16 қарашада 12 мың көтерілісшіден тұратын жасақ Тоңқойма пошта станциясы маңында подполковник Катоминнің жазалау отрядына шабуыл жасады. Жазалаушы отряд тосыннан жасалған шабуылдан қорғанысқа көшті. Көтерілісшілер адам шығынына ұшырамау мақсатында Батпаққара өңіріне өтіп кетті.


Патша өкіметі Торғай көтерілісін басу үшін жаңадан 17 атқыштар ротасын, 18 казак жүздігін, 4 атты эскадронын, 18 зеңбірек, 18 пулемет әкеліп төкті.

Көтерілісшілер мен жазалаушылар арасында Татырда, Ақшығанқта, Күйікте шайқастар болды. Доғал-Үрпекте 1917 жылғы ақпан айының соңында өткен шешуші айқаста көтерілісшілер жазалаушы отрядқа айтарлықтай қарсы тұрып, оларды Торғай қаласына шегінуге мәжбүр етті.

Көтеріліс нәтижесінде патша өкіметінің Торғай үйезінен қара жұмысқа адам алу жоспары орындалмай қалды.

Жазалаушылар Торғайдағы ұлт-азаттық көтерілісін тұншықтыра алмады. Көтеріліс Ресейдегі Ақпан төңкерісіне жалғасты.

Торғай даласында болған Торғай, Үрпек, Татыр, Ақшығанақ, Құмкешу, Доғал, Күйік соғыстарының алатын орны ерекше. Өйткені, жазалаушы отрядтармен болған қақтығыстарда көтерілісшілер Торғай қазақтары ерен ерліктің үлгісін көрсете білді.



XIX ғасырдағы Торғай облысының картасы



Амангелді ауданынан 13 шақырым қашықтықтағы Үрпек ауылында 1916 жылғы Торғай көтерілісшілерінің штад – квартирасы орналасқан



**Амангелді ауданына қарасты Үрпек ауылы маңында
1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісшілерінің ұстаханасы орналасқан**

Торғай көтерілісі туралы әдебиеттер:



1.1916 жыл [Мәтін] : (қазақ халқының ұлт-азаттық көтерілісінің 80 ж.) / Ө. Жәнібеков. - Алматы : Рауан, 1996.- 208 б.

2.Байділдин, Ш. Кейкі батыр [Мәтін] / Ш. Байділдин. - Астана : Сарыарқа, 2014. -368 б.



3.Батырдың биік тұлғасы [Мәтін] = Светлый образ батыра: [материалдар, фотодокументтер мен мақалалар жинағы] / құраст. : Ш. Иманов, Х. Маданов. – Алматы : Қазақстан, 1986. -144 б.

4.Бегалин, Қ. Империя құрамында [Мәтін] / Қ. Бегалин. – Алматы : Аруна, 2010. - 224 б. – (Қазақстан балалар энциклопедиясы. Тарих ата).

5.Ермұратов, Х. Шұғылалы өлке [Мәтін] : тарихи очерктер / Х. Ермұратов. – Ақтөбе : А- Полиграфия, 2004. - 160 б.

6. Жұртбаев, Т. Бейуақ [Мәтін] / Т. Жұртбаев. – Алматы : Қазақстан, 1990. – 304 б.
7. Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы [Мәтін] : көп томдық / Т. Жұртбай. - Астана полиграфия, 2007. – Т. 7.
8. Қазыбек, М. Дауылда туған дарын [Мәтін] / М. Қазыбек. – Алматы : полиграфкомбинат» ЖШС, 2011.-204 б.
9. Қаһарлы 1916 жыл [Мәтін] = Грозный 1916 год : құжаттар мен материалдар жинағы = сб. док. и материалов / ред. А. Бермаханов. – Алматы : Қазақстан, 1998. – Т. 2. – 247 б.
10. Қозыбаев, М. Жауды шаптым ту байлап [Мәтін] / М. Қозыбаев. – Алматы : Қазақстан, 1994. – 192 б.
11. Нұрқанов, А. Халық батыры [Мәтін] / А. Нұрқанов. – Алматы : Қазақ мемлекет баспасы, 1962. – 178 б.
12. Сариева, Ы. Текті Торғай [Мәтін] / Ы. Сариева. – Алматы : Өлке, 2000. – 216 б.



13. Сүлейменов, М. Әбдіғапар хан [Мәтін] / М. Сүлейменов ; ред. бас. Қ.Әбдіғапаров. – Алматы : Ғылым, 1995. – 144 б.

Мерзімді басылымдардағы жарияланымдар:

14. Абдуллин, Ә. 1916 жылғы дүрбелеңнің бастауы [Мәтін] : [ұлт-азаттық көтеріліске 90 жыл толуына орай] / Ә. Абдуллин // Торғай. -2006.- 4 тамыз. – Б. 4.. Қостанай таңы. – 2006.- 4 тамыз. – Б. 7.
15. Әбдіғали, Б. Азаттық үшін күрес жолында [Мәтін] : [алашорда позициясын ұстанған және 1916 ж. патшаға қарсы көтеріліске, 1921-1923 жылдары Торғай жерінде совет үкіметіне қарсылық көрсеткен тұлғалар жайлы] / Б. Әбдіғали. // Әбдіғали Б. Арғын төртуыл тарихынан. – Алматы, 2007. - 103-115 бб.
16. Әбдіғапаров, Қ. Доғал соғысының батырлары [Мәтін] : [Доғал соғысына қатысқан батырлар туралы] / Қ. Әбдіғапаров // Торғай таңы. – 1994.- 18 тамыз. – Б. 5.
17. Әйешов, С. Батыр байбаламы [Мәтін] : [Торғайдағы көтерілістің 70 жылдығы] / С. Әйешов // Торғай таңы. – 1986.-3 шілде.
18. Әлмағанбетов, Б. Тарихымызды әділ таразылайық [Мәтін] / Б. Әлмағанбетов // Торғай таңы. – 1996.-27 қараша., 1995.-29 қыркүйек.
19. Әмірхамзаұлы, Қ. Көтібардың Тоймағамбеті кім болған? [Мәтін] : [ұлт-азаттық көтерілістің 80 жылдығы] / Қ. Әмірхамзаұлы // Торғай таңы.- 1995.-16 тамыз.
20. Әсіп, С. Азаттық ақиқаты [Мәтін] : [Қазақстандағы 1916 ж. ұлт-азаттық

- қозғалысы тарихынан] / С. Әсіп // Егемен Қазақстан. -1996.-4 қыркүйек.
- 21.Байділдин, Ш. Аманкелді батырдың серігі [Мәтін] : [комиссар Сұлтан Бірәлі Бектасов жайлы] / Ш. Байділдин // Қостанай таңы. -2006.-29 желтоқсан. – Б. 7.
- 22.Байділдин, Ш. Ұлыларға мекен болған Ұлы Жыланшық [Мәтін] : [өлке тарихы, өлкенің ұлы тұлғалары туралы] / Ш. Байділдин. // Арқалық хабары. – 2009. - 6 қараша. – Б. 4.
- 23.Байқадамова, Д. Кейкі батыр, Әбдіғапар хан, Амангелді батырдың өлімдері туралы [Мәтін] : [батыр Амангелдінің жеңгесі- қарт ананың әңгімесі] / Д. Байқадамова ; дайынд. З. Ижанова. // Ана тілі. – 2005. – 20 қазан. – Б. 4.
- 24.Бекмаханов, Е. Торғайдағы көтеріліс [Мәтін] : [Қазақстан ХІХ ғасырдың 20 – 40 жылдарында] / Е. Бекмаханов // Алматы, «Санат», 1994.- Б. 254-283.
- 25.Боданов, Ж. Қазақ халқының ерекше ерлік күресі жолындағы ерлігі [Мәтін] : [1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі туралы] / Ж. Боданов // Қазақ үні. – 1996.- № 9 (тамыз). – Б. 4-5.
- 26.Досжанов, Д. Міржақов Дулатовтың істі болу тарихы [Мәтін] // Абақты:- Алматы: Қазақстан, 1992. – Б. 131-138.
- 27.Дүйсенбаев, Ж. Торғай даласы – ұлт-азаттық қозғалыстардың күретаымыры [Мәтін] : [Торғай көтерілісі туралы] / Ж. Дүйсенбаев // Торғай. – 2003.-27 шілден. – Б. 3.
28. Жаманбаев, К. Азаттық таңы алдындағы айқас [Мәтін] : [Ұлт-азаттық көтерілісіне 70 жыл] / К. Жаманбаев // Социалистік Қазақстан. – 1986.- 28 октябрь.
- 29.Жанбосынұлы, Ә. Доғал соғысы [Мәтін] : [естелік] / Ә. Жанбосынұлы // Жұлдыз. – 1992.- № 6. – Б. 181-182.
- 30.Жамбылов, Д. Қазақстандағы 1916 жылғы Ұлт-азаттық көтеріліс // Д. Жамбылов Қазақстандағы Ұлт-азаттық қозғалыс: Оқу құралы. – Алматы: Жеті жарғы, 2001. – Б. 81-95.
31. Жангелдин, Т. Саяхатшы – сардар – қайраткер [Мәтін] : [Ұлт-азаттық көтерілісті ұйымдастырушы Әліби Жангелдин туралы] / Т. Жангелдин // Жас өркен Қостанай. – 2005.-№ 5. – Б. 10-12.
- 32.Жүнісұлы, Ж. Батыр бейнесін сомдаған [Мәтін] : [журналист Ахметхан Байжановтың туындысы туралы] / Ж. Жүнісұлы // Торғай таңы. – 1993. - 9 қаңтар. – Б. 3.
- 33.Жүнісұлы, Ж. Оңтүстік өңірдегі өрнекті істер [Мәтін] : [қаламызда жаңа стадион мен Кейкі батыр ескерткішінің ашылуы туралы] / Ж. Жүнісұлы ; суретте : Абай Мұқанов. // Қостанай таңы. – 2010. - 18 мамыр. – Б. 1,2.
34. Көлбаев, Т. 1916 жыл: Торғай өлкесіндегі толқулар [Мәтін] : [қазақ даласы патша өкіметіне қарсы күрестің орталығына айналды] / Т. Көлбаев // Қостанай таңы. – 2006.-14 шілде. – Б. 4.
35. Қаралдин, Б. Торғай қазағының көтерілісі [Мәтін] : [Әбдіғапар хан мен Амангелді басқарған ұлт-азаттық көтеріліс туралы] / Б. Қаралдин //

Жұлдыз. – 1992.-№ 6. – Б. 179-181.

- 36 Мырзағалиұлы, М Торғай қазақтарының көтерілісі [Мәтін] / М. Мырзағалиұлы.- Алматы: - 2005. – Б. 168
- 37.Мырзағалиұлы, М. Торғай көтерілісі [Мәтін] : [Торғай қазақтарының патша жарлығына қарсы күресі] / М. Мырзағалиұлы // Егемен Қазақстан. – 2006.- 29 тамыз. – Б. 5. 36.
- 38.Қарсақбайқызы, Ә. Ұлт азаттығы өткен тарихтан бастау алады [Мәтін] : [кітапханада Ұлт-азаттық көтерілісінің 100 жылдығына орай өткізілген іс-шара] / Ә. Қарсақбайқызы // Арқалық хабары. – 2016. -18 наурыз. – Б. 3.
- 39.Қосабаев, Ж. Сыбырға жыбыр қоса берсек елді аздырып алуымыз әбден гәп... [Мәтін] : [ел тәуелсіздігі үшін күрес] / Ж. Қосабаев // Зерде. – 2006.-№1. – 3 наурыз.
- 40.Құсайын, Д. Сыр тартқан тарихтың тереңінен [Мәтін] : [кітапханада Ұлт-азаттық көтерілісінің 100 жылдығына орай өткізілген іс-шара] / Д. Құсайын // Арқалық хабары. – 2016. - 11 наурыз. – Б. 5.
- 41.Қылышбайұлы, Ә. Аңыз бен ақиқат [Мәтін] : [1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі туралы] / Ә. Қылышбайұлы // Қазақ батырлары. – 2002.- №2. – Б. 4.
- 42.Маданов, Х. Халықтың қаһарлы ашу-ызысы [Мәтін] : [1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің 70 жылдығына] / Х. Маданов // Торғай таңы. – 1986.
- 43.Меңдібай, С. 1916 жылғы Торғай қазақтарының көтерілісіне 10 жыл Меңдібай // Зерде. – 2006.-№ 9. – 6 қазан.
- 44.Мұсабаев, Х. Асырып бағаламайық, кемітіп көрсетпейік [Мәтін] : [Торғай көтерілісінің 80 жылдығы қарсаңында] / Х. Мұсабаев // Торғай таңы. – 1995.- 11 қазан. – Б. 3.



- 45.Мұхамеджанов, З. Торғай комиссарлары [Мәтін] : [Амангелді және оның сарбаздары туралы] / З. Мұхамеджанов // Алматы: Қазақстан - 1974. – Б. 128.

- 46.Нұрпейіс, К. Даладағы дабыл [Мәтін] : [Ұлт-азаттық көтерілісі жайында] / К. Нұрпейіс // Егемен Қазақстан. – 2006.-16 маусым
- 47.Оспанов, С. 1916 жыл және «Қазақ» газеті [Мәтін] : [1916 жылғы Қазақ газеті жариялаған мақалалар жайлы] / С. Оспанов // Қостанай таңы. – 2016. – 8 сәуір. – Б.10.
- 48.Оспанов, С. Тоқсанның бір тарауы [Мәтін] : [1916 ж. ұлт-азаттық көтеріліс туралы] / С. Оспанов // Торғай таңы. -1992.-1 желтоқсан.
- 49.Сәрсекеев, Қ. Қызыл жалау [Мәтін] / Қ. Сәрсекеев. – Алматы: Жалын, 1979. – Б. 272
- 50.Сейдахмет, Қ. «Арманға биік қол созсам»... [Мәтін] : [ұлт-азаттық

- көтеріліс сарбаздарының бірі Бидаш Қонарбаев туралы] / Қ. Сейдахмет // Зерде. – 2007.-№ 1.- 12 қаңтар. – Б. 8
- 51.Сүлейменов, М. Он алтыншы жыл: Ақ патшаның жарлығына ашынып [Мәтін] : [ұлт-азаттық көтеріліс тарихынан] / М. Сүлейменов // Халық кеңесі. – 1995.- 19,21,23,26,28 қыркүйек.
- 52.Сүлейменов, М. Бес батыр [Мәтін] : [Торғайдағы ұлт-азаттық көтерілісінің көсемі Досай Қалжігітұлы туралы] / М. Сүлейменов // Ақиқат. – 2007.-№ 5. – Б. 561 ; Торғай таңы. – 1996.- 18 қыркүйек
- 53.Сүлейменов, М. Дауылда түлеген дала [Мәтін] : [1916 ж. ұлт-азаттық көтерілісінің негізгі мақсаты туралы] / М. Сүлейменов // Жас алаш. – 1996.-24 желтоқсан.
- 54.Сыздықов, С. Туған жердің ту көтерген батырлары [Мәтін] : [азаттық үшін үлес қосқан Алтыбас, Алтыс руларының батырлары туралы] / С. Сыздықов // Қостанай таңы. -2006.-19 шілде. – Б. 6
- 55.Тәкенов, Ә Торғай өлкесіндегі толқулар [Мәтін] : [ұлт-азаттық көтерілісінің 70 жылдығы] / Ә. Тәкенов // Социалистік Қазақстан. – 1986.-27 шілде
- 56.Толыбаев, М. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілісі туралы толығырақ білгің келсе, мұражайға кел! [Мәтін] : [ұлт-азаттық көтерілістің 90 жылдығына орай] / М. Толыбаев // Арқалық хабары. – 2006.-7 шілде. – Б. 4
- 57.Төлебаев, А. Тәуелсіздік жолындағы күрес тағдыры [Мәтін] : [тәуелсіздік туралы] / А. Төлебаев // Торғай таңы. – 1996.-23 қазан.
- 58.Төрегелдин, М. Тәуелсіздік күресінің тарихи кезеңі [Мәтін] : [ұлт – азаттық көтерілістің 85 жылдығына орай] / М. Төрегелдин // Торғай. – 2001.- 28 қыркүйек. – Б.3.
- 59.Хайруллин, У. Әкелер даңқы жолымен [Мәтін] : [ұлт-азаттық көтерілісіне қатысқандар жайында] / У. Хайруллин // Торғай таңы. – 1996.-2 қараша.
- 60.Ходенов, М. Досай қажы кім болған? [Мәтін] : [Торғайдағы ұлт-азаттық көтерілісінің көсемі Досай Қалжігіт туралы] / М. Ходенов // Торғай таңы. – 1993.-9 қаңтар.

« Азаттық үшін алысқандар»

Назарбек Адырбаев (1889-1917)

Назарбек Адырбайұлы 1889 жылы Торғай уезінің Қараторғай болысында 15-ші ауылда туған. 1906 жылы Торғай уезінде екі сыныптық мектепті бітіреді. 1909 жылы өзі тұрған жердегі ағылшындардың қорғасын зауытына жұмысқа тұрады. 1916 жылы осы зауытта құрылыс шаруашылығында қызмет істеп жүрген жерінен босанып, Амангелді бастаған ұлт-азаттық қозғалысына қатыспақ болады. Осында істейтін Арыстанбек ұстаға екі мылтық соқтырып алады да, қыркүйек айында

Амангелді сарбаздарына қосылады. Бірақ бойында тасыған күшін азаттық жолына еркін көрсете алмай 27 жасында дүниеден өтті. 1917 жылдың ақпанында Сардар Амангелді Назарбектің ауылына келіп, оның соғыста ерлікпен қаза тапқанын білдіріп, анасына көңіл айтады.

Батырдың мүддесі атамекен қорымы Қорғасынға жерленеді. Сол жер осы күнге дейін «Адырбай» деп аталады. Белгілі ақын Файзолла Сатыбалдыұлы 1928 жылы Назарбек Адырбайұлына арнап өлең шығарған. Көп жылдар қалтарыста қалып келген, араб әрпімен қағазға түсірілген әдебиетші А.Бектемісов өмірінің соңғы жылдарында қазіргі жазу үлгісіне көшіріп шықты.

Ендігі уақытта ұлт-азаттық көтерілістің алдыңғы қатарында болып қатысқаны, шаң жұқтырмас текті әулеттің бірінің ерекше ерлігімен көзге түскені, сардар Амангелдінің жақын және сенімді серігі болғаны еске алынып, азаттық туын көтерген дала перзенті, батыр сарбаз Назарбектің есімі халық жадында сақталып қалуға тиіс. Ерлерін ұлықтайтын заман туып отыр.

Мерзімді басылымдардағы жарияланымдар:

61. Сатыбалдыұлы,Ф. Дауылда ұшқан жас қыран [Мәтін] : [Назарбек Адырбаев туралы] / Ф. Сатыбалдыұлы // Торғай таңы. – 1992.-21 шілде.
62. Шөкен, М. Батыр сарбаз Назарбек [Мәтін] : [батыр Н. Адырбайұлы туралы] / М. Шөкен // Торғай. – 2005.-21 қазан.

Қасымхан Арыстанұлы Алтынсары (1887 – 1920)

Азаттық үшін алысып, ел тәуелсіздігі мен бақыты жолында өз өмірін қиған, 1916 жылғы Торғайдағы ұлт-азаттық көтерілісінде қол бастаған қолбасшылардың бірі Қасымхан Алтынсары арғын тайпасының көсемі, мың басы болған адам. Ол Торғай үйезі, Тосын болысында 1887 жылы дүниеге келген. Жас кезінде ауыл молдасынан оқып, ескіше хат таныған. Ұлағатты әулетте тағлымды тәрбие алған Қасымхан жастайынан зерек, өжет, алғыр болып өсті.

Кемелденген қоғам саясатының «жазылмаған заңы» бойынша Қасымхан Алтынсарыны халыққа жақындатып, оларды танып білуге шектеу қойылған еді. Ел арасында әділдігі, жомарттығымен аты шыққан Қасымханды ағайын туғандары ғана емес, жарлы-жақыбайлар да көп төңіректен, жағалаған. Ол өзі өте сымбатты да денелі, ер тұлғалы кісі болған. Ержүректілігімен ерте танылған Қасымхан азаттық қозғалысының алдыңғы қатарынан табылады. Ол Амангелді батыр, Кейкі мергенмен жақсы дос, қарулас жолдас болған. 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы қызған тұста

Құмкешуде өткен Арғын – Қыпшақтың игі жақсыларының бірі жиында Қасымханды Арғын тайпасының ханы әрі қолбасшы-сардары етіп сайлайды. Кейіннен қайтадан Қасымханды көтерілістің сардары етіп қайта сайлап, хандықты жасы үлкен ағасы Шолақтың Оспанына беруді ұйғарады.

Тарихи деректер мен құжаттарда жазылғандай Торғай қаласын үйездің 12 болысына жиналған сарбаздар 1916 жылы қазан-қарашада толық қоршауға алды. Осындай жағадайда көтерілісшілердің ерен ерлігінде Қасымхан бастаған сарбаздардың үлесі ерекше болды. Себебі Торғай - Ырғыз бағытындағы телеграф желісі мен барлық байланыс бекеттерін Қасымхан сарбаздары алғашқы күндерден-ақ өз бақылауына алған еді. Жалпы, Тосын болысы ұлт-азаттық қозғалысында тарихи шайқастар өткен өңір ретінде жақсы белгілі. Бостандық бұғауын үзуге ұмтылған жандардың атақты Ақшығанақ шайқасы, оның алдындағы Тоңқайма пошта бекетіндегі ұрыстар Оспан хан Шолақұлы мен Қасымхан Алтынсарының тікелей араласуымен жүзеге асты. Бір тарабы Ырғызбен шектесіп, бір қиырымен Торғай қаласына жалғасып жатқан аумақта, сол кезең үшін стратегиялық маңызы зор Тосын болысында Қасымхан жасақтары патша әскерлерінің бөлімдері мен байланыс қызметін өз бақылауларына алып іс-қимылсыз қалдырды. Сөйтіп, қол бастаған Қасымхан Алтынсары бабасы Шақшақ Жәнібек тарханның туын жоғары ұстап қаланың батыс жақ шетінен бораған оқтан қаймықпай кірді.

Азаттық үшін алысқан батырдың бұдан кейінгі тағдыры қуғын-сүргінге толы болды. Оған атақты Шеген бидің тұқымы, Шақшақ Жәнібек тарханның ұрпағы, «шынжыр балақ шұбар төстің өзі» деген орынсыз айыптаулар айтылып жатты. Оның күштеп колхоздастыру саясатына қарсы шыққаны, соңында ел белсенділерінің «Кеңес үкіметіне қарсы күреске әзірленуде» деген жаласынан азап шекті.

Ақыры Қасымхан Алтынсары 1920 жылы Семейге, кейіннен НКВД үштігінің үкімімен інісі Жүніспен бірге Сібірге жер аударылып кете барды. Ең өкініштісі оның ұрпақтары үрім-бұтағымен солақай саясат салдарынан ұзақ жылдар бойы қудалауға түсіп, Қазіргі Шығыс Қазақстан, Жамбыл облыстары мен көршілес Қырғыстанға қоныс аударуға мәжбүр болды.

Сөйтіп, елі үшін еңбегі сіңген, азаттық жолында алысып азап шеккен өз өмірін пидә еткен аяулы баба, қол бастаған баһадүрдің есімі Тәуелсіздіктің 10 жылдығы қарсаңында Торғай қаласының басты көшесіне берілді.

Мерзімді басылымдардағы жарияланымдар:

63. Жүнісбеков, М. Азаттық үшін алысқандар [Мәтін] : [қол бастаған Қасымхан Алтынсары, Шолақұлы Оспан хан туралы тарихи деректер] / М. Жүнісбеков; М. Ысмағұл // Қостанай таңы. – 2002.-29 қазан.
64. Сүлейменов, М. Бес батыр [Мәтін] : [батыр Қасымхан Алтынсарин туралы] / М. Сүлейменов // Торғай таңы. – 1996.-14 қыркүйек.
65. Ысмағұл, М. Қасымхан Алтынсары...[Мәтін] : [ол туралы не білеміз?] / М. Ысмағұл // Егемен Қазақстан. -2002.-28 желтоқсан. – Б. 10.



Амангелді Үдербайұлы Иманов (1873 – 1919)

Торғай даласындағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс жетекшілерінің бірі, жалынды большевик, азамат соғысының қаһарманы Амангелді Иманов 1873 жылы Торғай уезі, Қайдауыл болысында туған. Әкесі шаруа баққан момын кісі болған. Шешесі Қалампыр Қақуқызы медресе бітірген. Амангелді ауыл молдасынан 2 жыл оқып, кейін Тасыбай, Тәшмағамбет ишандардың медресесіне түскен. Әкесінен 7 жасында жетім қалып, жоқшылық тауқыметін ерте тартқан. Ел ішіндегі дау-дамайға ерте араласқан, сол себепті Ресей империясының жергілікті билеушілерінің қудалауына ұшырап, 1896 – 1911 жылдар арасында бірнеше рет түрмеге отырғызылды.

Амангелді батырдың ұйымдастырушылық және қолбасшылық таланты 1916 жылғы Ресей императорының маусым айындағы жарлығына наразылық ретінде Торғай даласында бұрқ еткен ұлт-азаттық көтерілісі барысында айқын көрінді. 2-3 ай ішінде елеулі күшке айналған көтерілісшілер Қоғалыкөлде бас қосып, Әбдіғапар Жанбосынұлын хан, Амангелдіні көтеріліс қолбасшысы етіп сайлады. Әбдіғапар мен Амангелдінің ұйымдастырушылық іскерлігінің нәтижесінде көтеріліс саяси сипат алды. Торғай қаласын 27 күн бойы қоршауға алды. Ол көтерілісшілердің Шошқалы, Күйік қопаларындағы шайқастарына, подполковник Тургеневтің үлкен жасағына қарсы 1917 жылғы 21-23 ақпандағы Құмкешу-Доғал-Үрпектегі соңғы айқасына тікелей басшылық жасаған. Көтеріліс Ресейдегі Ақпан төңкерісіне дейін жалғасты.

Амангелді 1918 жылы 21 наурыз – 2 сәуірде Орынборда болған Торғай Кеңестерінің тұңғыш съезіне қатысты. Торғай даласының әскери комиссары болып тағайындалды. 1919 жылы 20 сәуірде Торғайда Кеңес бір-біріне қарсы қойған аласапыран уақыттың алмағайып саясатының құрбаны болды. Мәйіті бір жылдан кейін әуелі Алакөлге, кейін (1940) аудан орталығына әкелініп жерленді. Қабірінің басына ескерткіш орнатылды. Амангелдінің ерлікке толы ғұмыры көптеген ақын-жазушылардың шығармаларына арқау болды. Ол туралы талай өлең, поэма, роман, музыкалық шығармалар туғаны жұртшылыққа аян

Амангелді жайында көп айтылып жүрген ақындардың сөзінің ішінде көркем айтылған бір теңеу ол «алмас» деген сөз. Қай алмас дегенге: ел алмасы, тарихтың алмасы дер едік...



**Амангелді Үдербайұлы Имановтың
Алматы қаласындағы ескерткіші**



**Торғай өлкесіндегі ұлт-азаттық көтерілістің қолбасшысы
халық батыры Амангелді Үдербайұлы Имановқа ескерткіш
Амангелді ауданы орталығында жастар демалыс алаңында
орналасқан**



Халық батыры Амангелді Иманов атындағы мұражай 1969 жылы ашылды.



Аманкелді ауданында орнатылған батырлар мемориалы
Жәуке батыр, Үдербайұлы Иман, сары Қошқар батыр

Мерзімді басылымдардағы жарияланымдар:

66. Азаттық туын көтерген, халықтың ұлы – қас батыры [Мәтін] : [халық батыры А. Иманов 100 жаста] // Лениншіл жас. – 1973. -3 сәуір.
67. Айдарова, Х. Жалынды күрескер, болшевик [Мәтін] / Х. Айдарова // Социалистік Қазақстан. – 1973.- 3 сәуір.
68. 1916 жылғы Амангелді Иманов бастаған ұлт - азаттық көтерілісі [Мәтін] : [Торғай топырағында болған көтеріліс жайлы] // Бала Би. – 2005.- № 8. – Б. 2-3.
69. Алпысбаев, Ә. Амангелді қайда туған? [Мәтін] : [халық батыры А. Иманов туралы дерек] / Ә. Алпысбаев // Жас алаш. – 1992.- 24 қаңтар.
70. Асабаев, З. Батырдың ұрпақтары [Мәтін] : [Имановтың баласы Шәріп Имановпен сұхбат] / З. Асабаев // Мәдениет және тұрмыс. – 1981.- № 1. – Б. 6.
71. Ахметбеков, Н. Амангелді [Мәтін] : [поэма] / Н. Ахметбеков // Жасауыл қырғыны. – Алматы : Жазушы баспасы, - 1972.- 52-103 б.
72. Аян. Алаштың Амангелдісі [Мәтін] : [халық батыры А. Иманов туралы] / Аян // Қазақстан. – 2002.- № 2-3. – Б. 19.
73. Әйтенова, С. Қан құны [Мәтін] : [халық батыры А. Иманов туралы] / С. Әйтенова // Заң газеті. – 1997.- 5 ақпан.
74. Әлмағанбетов, Б. Амангелді батырдың қазасы [Мәтін] : [батырдың қазасы жайында] / Б. Әлмағанбетов // Парасат. -1999. № 4. – Б. 36.
75. Әлімжанов, Ә. Дала өлкесінің комиссары [Мәтін] : [халық батыры А. Иманов туралы] / Ә. Әлімжанов // Торғай таңы. – 1973.- 16 наурыз.
76. Әсіпұлы, С. Пассионар [Мәтін] : [халық батыры А. Иманов туғанына 130 жыл] / С. Әсіпұлы // Егемен Қазақстан. – 2003.- 24 қыркүйек.
77. Байжанов, А. Батырдың ақырғы шайқасы [Мәтін] : [халық батыры А. Иманов туралы] / А. Байжанов // Торғай таңы. – 1973.- 6 қараша.
78. Батырдың биік тұлғасы – Светлый образ батыра : Материалдар, фотосуреттер мен мақалалар жинағы / Құраст. Ш. Иманов, Х. Маданов. - Алматы : Қазақстан, 1986. – 144 б.
79. Елеусізов, Ж. Ардагер [Мәтін] : [халық батыры А. Иманов туралы] / Ж. Елеусізов // Торғай таңы. – 1973.- 7 қыркүйек
80. Жарылғас, М. Қасиетті күрес дәстүрін кастерлейік [Мәтін] : [халық батырлары жайында] / М. Жарылғас // Торғай таңы. – 1991.- 9 ақпан.
81. Жұмағұлов, М. Қыран қазасы қияда [Мәтін] : [роман] / М. Жұмағұлов. – Алматы. – жазушы, 1980.- 448 б.
82. Иманбаева, С. Амангелді Имановтың өлімі [Мәтін] : [халық батырының қазасы жайлы] / С. Иманбаева // Ақиқат. – 1999.- № 5. – Б. 40.
83. Иманов, Б. Батыр баба [Мәтін] : [тарихи романның үзінді] / Б. Иманов // Ақжол. – 1992.- 5,9,19 желтоқсан.
84. Иманов, Ш. Октябрь туын ұстаған [Мәтін] : [халық батыры А. Иманов туралы] / Ш. Иманов // Жұлдыз. – 1979.- № 11. – Б. 168-177.

- 85.Қайырбеков, Ғ. Ақырғы алып көтерілістің көсемі [Мәтін] : [Амангелді Имановтың туғанына 120 жыл] / Ғ. Қайырбеков // Халық кеңесі. – 1993.- 30 наурыз.
- 86.Қорғанбеков, Д. Азаттық ардагері [Мәтін] : [халық батыры А. Иманов туралы] / Д. Қорғанбеков // Торғай таңы. – 1973.- 6 маусым.
- 87.Қозыбаев, М. Қазақ халқының бостандығы жолындағы күрескер [Мәтін] : [халық батыры А. Иманов туралы] / М. Қозыбаев // Торғай таңы. – 1973.- 28 наурыз.
- 88.Ламашев, Ә. Батырдың биік тұлғасы [Мәтін] : [халық батыры А. Иманов туралы] / Ә. Ламашев // Торғай таңы. – 1983.- 16 тамыз.
- 89.Маданов, Х. Амангелді – ардагер, ердің ері [Мәтін] : [А. Иманов туралы] / Х. Маданов // Коммунизм таңы. -1973.- 6 наурыз.
- 90.Милованов, Н. Амангелді Имановтың соңғы түні [Мәтін] : [батыр А. Иманов туралы] / Н. Милованов // Торғай таңы. – 1972.- 10,14,16 наурыз.
- 91.Мұхамеджанов, З. Ел ардақтаған есім [Мәтін] : [халық батыры А. Иманов туралы] / З. Мұхамеджанов // Торғай таңы. – 1980.- 15 тамыз.
- 92.Нұрқанов, А. Халық батыры [Мәтін] : [батыр А.Иманов туралы] / А. Нұрқанов // Лениншіл жас. – 1973.- 20 наурыз.
- 93.Рақымжанқызы, Ұ. Батыр өмірінен сыр шертеді [Мәтін] : [батыр Амангелді Иманов туралы] / Ұ. Рақымжанқызы // Қостанай таңы. – 1998. -1998. – 16 қазан. – Б. 6.
- 94.Рсаев,Т. Ардагер Амангелді ердің ері [Мәтін] : [халық батыры А. Иманов туралы] / Т. Рсаев // Қазақ батырлары. – 1992.- 5 мамыр.
- 95.Сәрсекеев, Қ. Қазақтың Жақаңы [Мәтін] : [батыр Амангелді Иманов туралы] / Қ. Сәрсекеев // Жас Өркен Қостанай. – 2005.- № 4. – Б. 2.
- 96.Сейітұлы, Н. Батырдың зайыбы [Мәтін] : [батыр А. Имановтың зайыбы Балым туралы шындық] / Н. Сейітұлы // Егемен Қазақстан. – 2004.- 14 қыркүйек. – Б. 3.
- 97.Сүлейменов, М. Бес батыр [Мәтін] : [батыр А.Иманов туралы] / М. Сүлейменов // Торғай таңы. – 1996.-29 тамыз.
- 98.Шоқай, М. Батыр большевик Амангелді хақындағы ақиқат [Мәтін] : [батыр А. Иманов туралы] / М. Шоқай // Таңдамалы. – Алматы : Қайнар. – Т.2. – 1999.-79-82 б.
- 99.Шүкірбеков, Қ. Қастеевтің қайталанбас қолтаңбасы [Мәтін] : [суретші Ә. Қастеевтің батыр А. Имановтың портретін салғандығы туралы] / Қ. Шүкірбеков // Түркістан. – 2016. - 31 наурыз. – Б. 6.
- 100.Шүкірұлы, С. Қараман Досай қажының Амангелді батырға берген батасы [Мәтін] : [халық батыры А. Имановқа берген бата] / С. Шүкірұлы // Ана тілі. – 1996.-29 тамыз. – Б. 8.

Әбдіғапар Жанбосынұлы (1870-1919)



1916 жылғы Ұлт-азаттық көтерілістің басшысы Әбдіғапар Жанбосынұлы 1870 жылы Торғай облысы, Торғай ауданының Қараторғай болысында туған. Тілеулі батырдың ұрпағы. Арғы атасы Нияз би Абылай ханның сенімді серігі, әкесі Жанбосын (1847-1895) көп жылдар болыс болған. Анасы Алуа Ақтасқызы (1840-1934) (Ақтас – А. Байтұрсыновтың әкесінің ағасы). Әбдіғапар арабша, орысша сауатты болған, өз ауылында бастауыш мектеп ашқан. Ағаштан ою ойған шебер болған, суармалы егіншілікпен айналысқан, ақыл-парасатымен ел ағасы атанған. Торғай даласындағы ұлт-азаттық қозғалысқа басшылық жасауға Әбдіғапарды хан, Амангелдіні бас сардар етіп сайлады. Әбдіғапар ел билігін соғыс жағдайына бейімделген дала демократиясы негізінде қайта құрды. Алдымен Әбдіғапар хан өзін хан деп атамай, әмір деп есептеді. Ол өзі басқарған Торғай елін бүкіл қазақтың тәуелсіз мемлекеті құрылғанға дейін метрополияның билігін мойындамайтын, жаугершілік заманда уақытша өмір сүруге құқылы автономиялық аймақ деп санады. Әбдіғапар көтерілісшілерді 20 адамнан тұратынхалық өкілдерінің кеңесі арқылы басқарды. Бұл кеңес әскери, әкімшілік, шаруашылық мәселелерін шешетін басшы орталық болды. Жергілікті жерлерде Әбдіғапардың жарлығымен елбегілер сайланды. Көтерілісті жақтаған болыстар өз орнында қалдырылды. Көтерілісшілер ежелгі шығыс дәстүрімен ондық, жүздік, мыңдықтарға жіктелді. Әбдіғапар жасақтаған әскери құрылым империяның қарулы күштеріне аса тегеурінді қарсылық көрсетті. Оның қоластына Қазақстанның көптеген аймақтарынан көтерілісшілер жасақтары келіп қосылды.

Торғай өлкесі Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыстың ірі орталығына айналды. Әбдіғапар Кеңестердің Торғай обл. I-съезіне (Орынбор, 1918 ж. наурыз) қатысып, кейін Кеңес өкіметінің саясатын жүргізуден бас тартты. Қызыл әскерлер қолынан Зәуре қопасында қаза тапты. Ұрпақтары «хан тұқымы» ретінде аяусыз қуғынға ұшырады.



Қазақ халқының 1916 жылғы Торғай даласындағы ұлт-азаттық көтерілістің басшысы Әбдіғәпар хан Жаңақала ауылының маңына жерленген.



Әбдіғәпар ханның кесенесі
Арқалық қаласынан оңтүстікке қарай 100 шақырым көлемінде
Күре жолдан алыста «Қараторғай» өзені ойпатында алыстан
ақ шаңқан күмбез көрінеді. Осы жерде Жанбосынұлы Әбдіғәпар
хан әулеттерінің ата-бабадан бері келе жатқан рулық қорымы бар.

Мерзімді басылымдардағы жарияланымдар:

- 101.Әбдіғапаров, Қ. Әбдіғапар бастаған көтеріліс [Мәтін] : [хан Әбдіғапар Жанбосынұлы туралы] / Қ. Әбдіғапаров // Жұлдыз – 1992.-№ 6. – Б. 174-182.
- 102.Әбдіғапаров, Қ. Әбдіғапар хан тойынан кейінгі ойлар [Мәтін] : [хан Әбдіғапар Жанбосынұлы туралы] / Қ. Әбдіғапаров // торғай таңы. – 1995.-21 желтоқсан. – Б. 2.
- 103.Әбдіғапаров, Қ. Әбдіғапар хан [Мәтін] : [хан Ә. Жанбосынұлы туралы] / Қ. Әбдіғапаров // Халық кеңесі. – 1995.-13 сәуір.
- 104.Әбдіғапаров, Қ. Азаттық үшін алысқан [Мәтін] : [Торғай қазақтарының 1916 жылғы көтерілісі туралы деректер мен құжаттар] / Қ. Әбдіғапаров // Торғай таңы. – 1995.-14 қазан.
- 105.Әбдіғапаров, Қ. Әбдіғапар ұрпақтары [Мәтін] : [Ұлт-азаттық қозғалысының көсемі Ә. Жанбосынұлы туралы] / Қ. Әбдіғапаров // Ақ жол. – 1995.-17 ақпан,13-19 наурыз,19 сәуір.
- 106.Әлденұлы, Б. Соңғы сұрлеу соқпағымен [Мәтін] : [журналист М. Сүлейменовтың «Әбдіғапар хан» кітабы туралы] / Б. Әлденұлы // Торғай таңы. – 1995.-25 қазан.
- 107.Әлім, Қ. Бодандық бұғауынан бұлқынған [Мәтін] : [ұлт-азаттық көтерілісінің көсемі Ә. Жанбосынұлының туғанына 125 жыл] / Ә. Қайсар // Егемен Қазақстан. – 1995.-28 қараша. – Б. 2.
- 108.Байғабылов, Т. Әбдіғапар әмір [Мәтін] : [Әбдіғапар әмір туралы толғау] / Т. Байғабылов // Торғай таңы. – 1996.-17 қаңтар.
- 109.Байтұрсынұлы, А. Әбдіғапар [Мәтін] : [өлең] / А. Байтұрсынұлы // Жоқтау. – Алматы: А. Байтұрсынов атындағы қор, 1993.-81-93 б.
- 110.Бердібай, Р. Өшпеген намыс, үзілмеген ерлік іздері [Мәтін] : [Ә. Жанбосынұлының әдебиеттегі бейнесі] / Р. Бердібай // Қазақ әдебиеті. – 1995.-10 қаңтар. – Б. 10.
- 111.Жарылғас, М. «Елім деп еңіреген, қайран Қапар» [Мәтін] : [хан Ә. Жанбосынұлы туралы] / М.Жарылғас // Торғай таңы. – 1995.-14 қазан; Қазақ үні. – 1996.- мамыр- маусым (№ 5-6).
112. Жарылғас, М. Жатпайтын қын түбінде алмас қылыш [Мәтін] : [Ә. Жанбосынұлының туғанына 125 жыл толуына орай] / М. Жарылғас // Торғай таңы. – 1995.-18 қазан.
- 113.Жүнісұлы, Ж.. Өмір бойы ел мүддесін ойлаған [Мәтін] : [Әбдіғапар ханның басына барғанда...] / Ж. Жүнісұлы // Қостанай таңы. – 2004.- 14 қыркүйек.
- 114.Жұмақанұлы, Н. «Жайнамазға төгілген қан» [Мәтін] : [Әбдіғапардың өлімі туралы] / Н. Жұмақанұлы // Қазақ әдебиеті. – 1999.-26 қараша.
- 115.Кенжеахметов, С. Хан ансы – Алуа [Мәтін] : [Ә. Жанбосынұлының анасы Алуа Ақтасқызы туралы] / С. Кенжеахметов // Торғай таңы. – 1995.-8 қараша. – Б. 4.
- 116.Қаралдин, Б. Торғай қазағының көтерілісі [Мәтін] : [әмір Ә.

- Жанбосынұлы туралы] / Б. Қаралдин // Жұлдыз.-1992.-№ 6. -178-181 б.
- 117.Қозыбаев, М. Жауды шаптым ту байлап [Мәтін] : [әмір Ә. Жанбосынұлы туралы] / М. Қозыбаев // Қостанай таңы. -1997.- 25 қараша.
- 118.Қозыбаев, М. Әмір Әбдіғапар [Мәтін] : [әмір Ә. Жанбосынұлы туралы] / М. Қозыбаев // Торғай таңы. – 1994.-7,11 маусым. ; Қазақ әдебиеті. –1994.-№ 9 (4 наурыз). – Б. 11.
- 119.Қуандықұлы, Қ. Зауре қопасы немесе бастау [Мәтін] : [поэмадан үзінді] / Қ. Қуандықұлы // Ақжол. – 1995.-9-15 қараша. – Б. 4.
- 120.Молдашев, Б. Тарихта қалар тұлға [Мәтін] : [ұлт-азаттық көтерілісін ұйымдастырушы Ә. Жанбосынұлы туралы] / Б. Молдашев // Торғай таңы. – 1993.-27 қараша.
- 121.Оспанов, С. Тоқсанның бір тарауы [Мәтін] : [тарихи деректер] / С. Оспанов // Торғай таңы. – 1992.-1 желтоқсан.
- 122.Сейсенбаева, А. Әбдіғапар Жанбосынов және ұлт-азаттық көтерілісі [Мәтін] : [әмір Ә. Жанбосынұлы туралы] / А. Сейсенбаева // Ақиқат. – 2001.-№ 11. – Б. 29.
- 123.Сарсенбай, Ж. Әбдіғапар хан Торғай көтерілісінің көсемі [Мәтін] : [көтеріліс басшысы Ә. Жанбосынұлы туралы] / Ж. Сарсенбай // Жас алаш. – 1996.-30 мамыр.
- 124.Сарсенбай, Ж. Елім дедің, елің жоқтар артыңда [Мәтін] : [Доғал соғысының батыры Ә. Жанбосынұлы туралы] / Ж. Сәрсенбай // Қазақ үні. – 1997.-13 маусым.
- 125.Сүлейменов, М. Әбдіғапар хан. – Алматы: Ғылым,1995. – Б. 144.
- 126.Сүлейменов, М. Әбдіғапар хан [Мәтін] : [көтеріліс басшысы Ә. Жанбосынұлы туралы] / М. Сүлейменов // Халық кеңесі. – 1994.-1,2,5 шілде.
- 127.Сүлейменов, М. Бабаларымның бағы жанғанына қуанамын [Мәтін] : [Торғай ұлт-азаттық көтерілісінің көсемі Ә. Жанбосынұлының туғанына 125 жыл толуына орай немересі профессор Қабден Әбдіғапаровпен сұхбат] / М. Сүлейменов // Торғай таңы. – 1995.-24 маусым. – Б. 2.
- 128.Сүлейменов, М.Халқы қалап хан көтерген [Мәтін] : [көтеріліс басшысы Ә. Жанбосынұлының 125 жылдық мерейтойы туралы] / М. Сүлейменов // Халық кеңесі. – 1995.-9 желтоқсан.
- 129.Сүлейменов, М. Халық Әбдіғапарды неге хан сайлады? [Мәтін] : [Ұлт-азаттық көтерілісіне 80 жыл] / М. Сүлейменов // Егемен Қазақстан. – 1996.-13 сәуір.
- 130.Сатыбалдыұлы, Ф. Әбдіғапар хан [Мәтін] : [поэма] / Ф. Сатыбалдыұлы // Торғай таңы.-1992.-19 қыркүйек. ; Ана тілі. - 1997.- № 11-12. – Б. 13.

Кейкі Көкенбайұлы (1871 – 1923)



Торғай көтерілісінің батыры Кейкі Көкенбайұлы 1871 жылы Қостанай облысы, Амангелді ауданының Байтума қопасында дүниеге келген. Орта жүз құрамындағы қыпшақ тайпасының құланқыпшақ руынан шыққан. Тұрмыс тапшылығын ерте көрген Кейкі Жыланшық болысы Р. Шашамбайұлының малын қорып, дұшпандарына аттандыратын жігіті болған. Жастайынан аңшы, мергендігімен, өжеттілігімен аймаққа танылған. Оның құралайды көзге атқан мергендігіне сай ел аузында «Амангелдінің көзі мерген болса, Кейкінің қолы мерген» деген сипаттама ел аузына тараған. Ресей патшасының 1916 жылғы маусым жарлығы себеп болған Торғай казактарының ұлт-азаттық көтерілісіне алғашқы күндерінен-ақ белсене араласып, оның негізгі қарулы күші – мергендер жасағын басқарды, көтеріліс штабының ең қауіпті тапсырмаларын орындап, жиі-жиі барлауға шығып тұрды. Күйік қопасындағы соғыста, Торғай қаласын қоршау кезінде және Жазалаушы отрядқа қарсы соңғы ұрыс Доғал шайқасында ерекше ерлік көрсетті.

